# BRANDT™ Plant Start 8-31-4

**Биоынталандырушы әсері бар қойылтылған сұйық тыңайтқыш**

## Кепілдендірілген құрамы

| | |
|---|---|
| Жалпы Азот (N) | 8,0% |
| 8,0% Аммонийлік Азотт | |
| Фосфор ($P_2O_5$), суда еритін | 31,0% |
| Калий ($K_2O$), суда еритін | 4,0% |
| Балдырлар сығындысы | 4,0% |
| Альгиндік қышқыл | 0,3% |
| Манитол | 0,1% |

Тығыздығы: 20°C жағдайында 1,42 г/см$^3$

## Жалпы ақпарат

Биоынталандырушы әсері бар BRANDT PLANT START 8-31-4 қоюландырылған сұйық тыңайтқыш, құрамында фосфор көп, өсімдіктердің тамыр жүйесінің өсуін белсендіру және стресстік жағдайларды жеңу үшін арнайы жасалған. Биоынталандырушы әсерді табиғи өсімдік гормондарының прекурсорлары, табиғи аминқышқылдары, өсімдік дәрумендері және балдырлардан суық экстракция арқылы алынған стресске қарсы заттар қамтамасыз етеді. Компоненттердің сәтті үйлесімі сау тамыр жүйесінің ерте өсуін ынталандырады, ол өсімдікті тез дамытады және өз кезегінде белсенді өсуге ықпал етеді. BRANDT PLANT START 8-31-4 – дақылдардың теңдестірілген минералды тамақтану бағдарламасына қосымша ретінде қолдануға ұсынылады.

## Пайдалану жөніндегі ұсыныстар

**Тұқым себу алдындағы өңдеу**

*Егістік, көкөніс дақылдары:* Қолдану нормасы: 1,0-3,0 л/тонна тұқым. Жұмыс ерітіндісін пайдаланудың ұсынылатын нормасы - 7-10 л/тонна тұқым.

*Басқа жерге отырғызу/Сәндік өсімдіктер:* Қолдану нормасы: 100 литр суға 0,125-1,25 л, көшеттердің тамыр жүйесін сіңдіру/бүрку.

*Басқа жерге отырғызу/Көшет:* Қолдану нормасы: 100 литр суға 0,125-1,25 л, көшеттердің тамыр жүйесін сіңдіру/бүрку.

**Жапырақты қоректендіру**

*Далалық дақылдар*

Қолдану нормасы: 0,5-2,0 л/га. Жұмыс ерітіндісін пайдаланудың ұсынылатын нормасы - 150-250 л/га. Қажет болса, бірінші өңдеуден кейін 10-15 күннен кейін қайта қолдану ұсынылады.

*Көкөніс және жеміс дақылдары*

Қолдану нормасы: 0,5-3,0 л/га. Жұмыс ерітіндісін пайдаланудың ұсынылатын нормасы - 150-250 л/га. Қажет болса, бірінші өңдеуден кейін 10-15 күннен кейін қайта қолдану ұсынылады.

**Топырақты қоректендіру (тыңайту)**

Бір суару ішінде қолдану нормасы: 2-16 л/га.

BRANDT PLANT START 8-31-4 тыңайтқышының оңтайлы мөлшерлемесі топырақты агрохимиялық тексеруге және өсімдіктерді жапырақты талдауға, таңу аралығына, сондай-ақ ауа-райына, өсімдіктің жалпы жағдайына және дақыл түріне негізделген ұсыныстарға сүйене отырып анықталады.

**Қауіптің қысқаша сипаттамасы**

H315: Теріге тиген кезде тітіркенуді тудырады.
H319: Көзге тиген кезде қатты тітіркенуді тудырады.

**Сақтық шаралары**

P264: Жұмыстан кейін қолыңызды мұқият жуыңыз. P270: Өнімді пайдалану кезінде темекі шекпеңіз, су ішпеңіз, тамақтанбаңыз. P280: Қолғапты/жұмыс киімін/көзді/бетті қорғау құралдарын қолданыңыз. P302+P352: ТЕРІГЕ ТИГЕН КЕЗДЕ: көп мөлшерде сумен шайыңыз. P332+P311: Егер терінің тітіркенуі пайда болса, медициналық көмекке жүгініңіз. P305+P351+P338: КӨЗГЕ ТИГЕН КЕЗДЕ: Көзді бірнеше минут бойы сумен ақырын шайыңыз. Жанаспалы линзаларды пайдалансаңыз және алып тастау жеңіл болса, алып тастаңыз. Көзді шаюды жалғастырыңыз. P337+P311: Егер көздің тітіркенуі сақталса медициналық көмекке жүгініңіз.

**Қауіп түрі:** Препарат қауіптіліктің 3-ші сыныбына жатады (жанғыш емес, орташа қауіпті сұйықтық)

## Жұмыс ерітіндісін дайындау жөніндегі нұсқаулық

Бүріккіш ыдысты сумен толтырыңыз, судың мөлшеріне байланысты жартысы, және араластыруды бастаңыз. Өнімдерді бүріккіш бакқа келесі ретпен қосыңыз адъюванттар, пестицидтер, және одан кейін тыңайтқыштар. Әр өнімді қосқаннан кейін ерітіндіні мұқият араластырыңыз. Бүріккіш бакқа есептелген мөлшерден қалған судың жартысын қосып, қоспасы толығымен ерігенше араластыруды жалғастырыңыз. Жұмыс ерітіндісін дайындамас бұрын қоспа компоненттерінің үйлесімділігін шағын контейнерде тексеру қажет.

## Сақтау және кәдеге жарату шарттары

Биоынталандырушы әсері бар BRANDT PLANT START 8-31-4 қоюландырылған сұйық тыңайтқышын жабық зауыттық қаптамада жылу көздерінен және тікелей күн сәулесінен алыс жерде, тамақ өнімдерінен бөлек, желдету жүйесімен жабдықталған және балалар мен жануарлардың қолы жетпейтін құрғақ қоймаларда сақтау қажет. Қапталған өнімді қалыпты ауа ылғалдылығында +5ºC-тан +35ºC-қа дейінгі температурада сақтау қажет. Ішіндегісін мен қаптамасын (ыдысын) жергілікті заңдар мен ережелерге сәйкес кәдеге жаратыңыз.

ШЕКТЕУЛІ КЕПІЛДІК: BRANDT Europe, S.L. ("BE") Өнімнің осы жапсырмадағы химиялық сипаттамаға сәйкес келетініне және қалыпты пайдалану жағдайларында жапсырмада көрсетілгендей пайдалану үшін көрсетілген мақсаттарға орынды екеніне кепілдік береді. BE және Сатушы коммерциялық жарамдылық немесе белгілі бір мақсатқа жарамдылық кепілдіктерін қоса, айқын немесе жанама басқа ешқандай кепілдік бермейді. Сатып алушы мен Пайдаланушы осы Өнімді кез келген пайдаланумен байланысты барлық тәуекелдерді қабылдайды. Заңда көзделген көлемде BE мен Сатушы осы Өнімді Сатып алушының немесе Пайдаланушының алдында кез келген кейінгі, арнайы, кездейсоқ немесе салдарлы залал үшін жауап бермейді.

Осы құжатта көрсетілген барлық сауда белгілері BRANDT Europe, S.L. компаниясына тиесілі немесе лицензияланған.

**Химиялық өнімді тіркеу туралы куәлік:** 22.11.2021 ж. KZ85VCF00010375
Испанияда өндірілген.
Кепілдік сақтау мерзімі – дайындалған күннен бастап 36 ай.

**Партия нөмірі:**
**Дайындалған күні:**

**Таза көлемі: 10,0 л**
**Таза салмағы: 14,2 кг**

FORMULATED IN USA
MANUFACTURED IN EU

**Дистрибьютор:**

EXPLANTA

**«EXPLANTA» ЖШС**
Қазақстан Республикасы, 050059,
Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 19, к.н. 3Б
Нұрлы Тау БО, 2Б блок, 203 кеңсе
Тел.: 8 (727) 311 04 06; 311 04 07
info@explanta.kz www.explanta.kz

**Өндіруші:**

BRANDT™

**BRANDT Europe, S.L.**
Ctra. Carmona - Guadajoz, Km 3.1
41410 Carmona, Севилья, Испания
+34 954 196 230
www.brandt.co

10KAZB2203282